БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

22 мамыр 2024ж

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 38-н/қ

Атырау қаласы

Жауапты тұлғаларды
айқындау туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №282 «Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №125 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Медицина қызметкерлерінің (орта және жоғары білімді) біліктілігін арттырудың тақырыптары мен бағыттарын анықтауға жауапты болып басқарма басшысының орынбасарлары А.И.Абилова мен А.Т.Сабыргалиева айқындалсын.
2. Бекітілген тақырыптар бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу үшін жауапты болып басқарма басшысының орынбасары Ж.Жанұзақов айқындалсын.
3. Бекітілген тақырыптарға сәйкес, біліктілігін арттыруға жататын медицина қызметкерлерің тізімін қалыптастыруға басқарманың адами ресурстарды басқару, медициналық ұйымдардың кадрлық ресурстарын мониторингілеу бөлімінің бас маманы О.М.Нсанбаева айқындалсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысы **К.Абдалиев**

Заңгер:

бұйрықпен таныстырылсын:

Шрифт Абзац

2024-2026 шешім нақтылау (МАМЫР)

Атырау облыстық мәслихатының 2024 жылғы 31 мамырдағы №89-VIII «Атырау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы №63-VIII «2024 - 2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыруенгізу туралы» шешімі

Решение Атырауского областного маслихата от 31мая 2024 года №89-VIII «О внесении изменений и дополнения в решениеАтырауского областного маслихата от 11декабря 2023 года №63-VIII «Об областном бюджете на 2024-2026 годы»»

Казахский (Казахстан)

К. Б
Бухгалтерия
А. Рахимжанова сатып
алу портанына өзгеріс
енгізуге

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының басшысы
Қ.Абдалиевке

Басқарма басшысының қаржы мәселелері
жөніндегі орынбасары
Ж.Жанұзақовтан

Қызметтік хат

2024 жылға бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарының шілде айына төмендегідей өзгерістер енгізуге рұқсат етуіңізді сұраймын:

1. **253 003 015 159 ерекшелігі бойынша** басқармаға бағынысты медицина ұйымдардың орта буын қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту бойынша (шетелдік тағылымдамадан өту – **50,0 млн теңге**; Атырау қаласында әртүрлі тақырыптарға сәйкес, шеберлік сыныптарын өткізу үшін – **200,0 млн теңге**). Облыс көлемінде жоғары мамандандырылған және өңірде жасай алмайтын лапароскопиялық оталарды меңгеру үшін және лапароскопиялық хирургия, лапароскопиялық гинекология бойынша білімдерін шетел ел мемлекетінен біліктілігін арттыру – **30,4 млн теңге**.
2. **253 007 015 155 ерекшелігі бойынша** Азаматтық сектордың туберкулезбен, DR- туберкулезбен, туберкулезбен/ВИЧ-пен, туберкулезбен/ВИЧ/гепатитпен күресудегі рөлін және қатысуын халықтың осал және әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарымен іс шаралар жобасын енгізуге, сомасы **4,0 млн теңге**;

Ж.Жанұзақов

16.07.2024 жыл

177
16 07 24

Облыстық денсаулық сақтау
басқармасының басшысы
К.Абдалиевке

Басшы орынбасары
А.Сабыргалиевадан

Басшы орынбасары
А.Абиловадан

Қызметтік хат

Облыс көлемінде жоғары мамандандырылған және өңірде жасай алмайтын лапароскопиялық оталарды меңгеру үшін және лапароскопиялық хирургия, лапароскопиялық гинекология бойынша білімдерін жетілдіру қажеттігін ескере отырып, стационардың хирург, гинеколог мамандарын шет ел мемлекеттерінен біліктілік арттыруға жіберу сұралады.

А.Абилова

А.Сабыргалиева

15.07.2024 жыл

А. Досмағамбетова
Ж. Жолдасова
жауапты үшін
27.06.24ж

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы К.Абдалиевке

Адами ресурстарды басқару және медициналық ұйымдардың кадрлық ресурстарын мониторингілеу бөлімінің басшысы Г.Нургалиевадан

Қызметтік жазба

Басқарма басшысы орынбасарларларының 2024 жылғы 31 мамырдағы қызметтік хаты негізінде бекітілген оқу тақырыптарына сәйкес, басқармаға бағынысты медицина ұйымдарының орта буын қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту бойынша басқарма тарапынан медицина ұйымдарына хат жолданып, нәтижесінде шетелдік тағылымдаға бару үшін **«Мейіргерлік көшбасшылық және менеджмент, клиникалық мәселелерді дәрігермен, пациентпен және науқастың туыстарымен тиімді серіктістік. Медициналық этика, биоэтика. Мейірбике ісіндегі коммуникация және менеджмент дағдылары» тақырыбы бойынша 10 адамның тізімі қалыптастырылды**.

«Учаскелік қызмет мейіргерінің мейіргерлік қабылдау мәселелері» тақырыбы бойынша оқуға ниет білдірушілер болмағаны хабарланады.

Сонымен қатар, орта буын қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында Атырау қаласында әр түрлі тақырыптарға сәйкес, шеберлік сыныптарын өткізу үшін 486 орта буын қызметкерлерінің тізімі жинақталды.

	Шеберлік сыныптарының тақырыптары	Тыңдаушылар саны
1	Акушерлер мен мейіргерлерді тиімді перинаталдық күтім бойынша оқыту	47
2	Анестезиология және реанимация бөлімшелері мейіргерлерінің жұмысын ұйымдастыру.	20
3	Қабылдау бөлмесінің мейіргерлерін ЗН жүйесі бойынша сұрыптауға үйрету	33
4	Мейіргер ісінде аудит қызметі бойынша оқыту	25

158
28 06 24

5	Медициналық-санитариялық алғашқы және стационарлық деңгейлерде пациенттердің салауатты өмір салты бойынша мейіргерлерді оқыту	17
6	БМСК және стационарларда жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін пациенттерді оңалтуды оқыту	17
7	Ауыр жағдайларда және жасанды желдету кезінде пациенттерді күту және бақылау бойынша оқыту	17
8	Хирургиялық кабинеттегі мейіргерлер жұмысын үйрету	26
9	Рентгенологиядағы мейіргер ісі	25
10	Медициналық ұйымдарда инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу (инфекциялық қауіпсіздік және ЖМК алдын алу)	31
11	Функционалдық диагностикадағы мейіргер ісі (УДЗ кабинеттері мейіргерлерінің жұмысы) және эндоскопиялық кабинеттер мейіргерлерінің жұмысы	25
12	Мектептегі медицина қызметкерлерінің жұмысындағы заманауи бағыттар	38
13	Дәрілік препараттармен жұмыс істеу ережесі	25
14	Мейіргерлердің массаж және емдік дене шынықтыру бойынша жұмысы	17
15	Орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімшесі мейіргерлерінің жұмысы/ автоклавта жұмысты ұйымдастыру	23
16	Медициналық эргономика және пациенттердің қауіпсіз қозғалысы	1
17	Физиотерапияның негізгі мәселелері	10
18	Процедуралық кабинет мейіргерінің жұмысы	28
19	Кеңейтілген практика мейіргері жұмысында мейіргерлік құжаттаманы енгізу	47
20	Мейіргерлердің күнделікті тәжірибесінде Clinicalcareclassification классификациясын қолдану алгоритмі	14
	БАРЛЫҒЫ:	**486**

Қызметтік жазба мәлімет үшін енгізіледі.
Қосымша: тізім-46 парақта.

Г.Нургалиева
20.06.2024